

Качир ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 184/6 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 шілдеде № 4629 болып тіркелді. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Качир ауданы әкімі аппарат басшысының 2016 жылғы 05 қаңтардағы N 30/1-1713 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Качир ауданы әкімі аппарат басшысының 05.01.2016 N 30/1-1713 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес Качир ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Качир ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Шұғаев

Качир ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "13" шілдедегі
№ 184/6 қаулысына
қосымша

Качир ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 14.10.2015 N 259/9 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінің атаулары	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінің тәрбиеленушілер саны	Б і р тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны	Мектепке дейінгі мекемелерде айына жан басына қаржыландырудың мөлшері, теңге	Мектепке дейінгі мекемелерде ата-ананың айына ақы төлеу мөлшері, теңге
1	2	3	4	5	6
1	Качир ауданы әкімдігінің, Качир ауданы білім бөлімінің "Балдаурен" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	142 оның ішінде 4 7 (республикалық бюджет) 9 5 (жергілікті бюджет)	4 9 8 8 3 36153	4 2 8 4 3 29113	6 жасқа дейін – 7040 6 жасқа дейін – 7040
2	"Качир ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімнің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Тереңкөл а у ы л ы н д а ғ ы "Ақ бота" балабақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	1 5 1 (жергілікті бюджет)	26606	19566	6 жасқа дейін – 7040
3	"Качир ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Тереңкөл ауылы "Талбесік" бөбекжайы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	9 0 (республикалық бюджет)	28062	22122	6 жасқа дейін – 7040
4	"Песчан ауылдық округі әкімдігінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Песчан ауылындағы "Балдырған" бөбекханасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	150 оның ішінде 6 0 (республикалық бюджет) 9 0 (жергілікті бюджет)	4 4 9 9 2 41068	3 7 6 4 9 35132	3 жасқа дейін – 5936 3-тен 6 жасқа дейін – 7343 3 жасқа дейін – 5936 3-тен 6 жасқа дейін – 7343